

Шектеу іс-шараларын тоқтату және Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Асаново ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 3 қыркүйектегі "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" № 33 шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Асаново ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 4 қарашадағы № 44 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 9 қарашада № 25060 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27-бабына, Қазақстан Республикасының "Ветеринария туралы" Заңының 10-1-бабының 8) тармақшасына сәйкес, Қызылжар ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2021 жылғы 27 қазандағы № 01-11/282 ұсынысы негізінде, ШЕШТІМ:

1. Ірі қара малдың бруцеллез ауруын жою жөніндегі ветеринариялық іс-шаралар кешенінің жүргізілуіне байланысты, Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданының Асаново ауылдық округі Толмачевка ауылының аумағында белгіленген шектеу іс-шаралары тоқтатылсын.

2. Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Асаново ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 3 қыркүйектегі "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 24294 болып тіркелген) № 33 шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Асаново ауылдық округінің әкімі

С. Казеев